

Бекітемін

«Облыстық көркем өнерпаздардың  
Халық шығармашылығы мен кино  
бейнеқор орталығы» КМҚК  
басшысы Д.Қалқаев  
2022 жылғы «  » ақпан

Наурыз мерекесіне орай Тобыл-Торғай өңіріндегі жас әншілер арасында  
«Сахналық жекпе-жек» атты әншілер байқауының  
**ЕРЕЖЕСІ**

**Өткізу уақыты**

2022 жылғы, 16-17 наурыз

**Өткізілетін орны**

Тобыл қаласы «Алтын дән» МҮ

**Ұйымдастырушылар**

- Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының «Облыстық көркемөнерпаздардың халық шығармашылығы мен кинобейнеқор орталығы» КМҚК.

**Байқаудың мақсаты мен міндеттері**

- Қостанай өңірі композиторларының әндерін кеңінен насихаттау;
- жас әншілердің тәжірибе алмасуына қолдау жасау,
- жастар арасында әншілік өнердің кәсіби деңгейге көтерілуіне жол ашу;
- әншілердің шығармашылық белсенділігіне қолдау көрсету;
- Республикалық, аймақтық байқауларға талантты жаңа есімдерді ашу.

**Байқау шарттары мен үміткерлерге қойылатын талаптар**

- байқауға Қостанай облысының қалалары мен аудан өнер ұйымдарының өкілдері қатыса алады;
- байқауға қатысу жас ерекшеліктері: 18-35 жас;
- байқау жеке орындаушылар арасында өтеді;
- байқау шарты бойынша қазылар алқасының іріктеуінен өткен 4 өнерпаз ғана үшінші кезеңге жолдама алады.

## **Байқаудың жалпы сипаттамасы**

*Байқау үш кезеңнен тұрады*

### **Бірінші кезеңде екі тапсырма.**

- бірінші ән - Қостанай өңірі композиторларының бір әнін жеке өңдеуде (аранжировка) орындайды;
- екінші тапсырмада орындаған әндері жеребеге тартылады, жеребе бойынша түскен әнді жаңа нұсқада (кавер) жеке аспапта немесе өзгеде өнерпаздардың сүйемілдеуімен орындайды. Аспапта ойнайтын өнерпаз саны төрт адамнан аспауы қажет.

### **Екінші кезеңде бір тапсырма.**

- үміткердің таңдауы бойынша Наурыз мерекесіне орай салт – дәстүрге қатысы бар бір әнді орындауы шарт.  
Мысалы: «Жігіт сұлтаны», «Қыз қуу», «Ауыл тойы» т.б.  
Орындайтын әннің тақырыбына байланысты театрландырылған қойылым көрсетілуі керек.  
Қойылымға қатысатын өнерпаз 6 адамнан аспайды.

### **Үшінші кезеңде бір тапсырма.**

- Жолдама алған қатысушы өз таңдауы бойынша дауыс көрсететін, кең ауқымдағы (диапазонды) байқауға арналған әнді орындауы шарт

### **Бағалау өлшемдері**

- шығармалардың ережедегі талаптарға сай болуы;
- орындаушылық шеберлігі, мәнерлігі, даусының кеңдігі;
- сахна мәдениетін сақтай білуі;
- сахналық киім үлгісі.

### **Қазылар алқасы**

Байқаудың қазылар алқасына облысымыздағы музыка өнерінің мамандары шақырылады;  
Қазылар алқасының шешімі талқылануға, қайтадан қаралуға түспейді;  
Қазылар алқасының шешімі хаттамамен рәсімделеді;

### **Байқауға қатысушы үміткерлерді марапаттау**

1-орын

2-орын

3-орын

Дипломдармен марапатталады

### **Өтінім беру шарттары**

- Өтініш (қатысушының үш кезеңде орындайтын репертуары, авторларының аты-жөні толық жазылуы тиіс)
  - жеке куәлігі құжатының көшірмесі.
  - шығармашылық өмірбаяны.
  - байқаудың үш кезеңінде орындайтын шығармалары, (репертуар)
  - 9/13 сапасы жақсы электронды нұсқадағы суреті.
  - 20 сан ....., банк шоты
- Өтінімдер Наурыз айының 1 дейін [hsb@ocsnt.kz](mailto:hsb@ocsnt.kz) электронды почтасы арқылы және Қостанай қаласы, Лермонтов к-сі, 15 мекен-жайы бойынша қабылданады.  
Байланыс телефоны: 8(7142) 56-01-29, 8707 563 3152

### **Тамақтану, тұрғын жай, жол жүру**

- Қатысушылардың келіп-кету жол шығындарын және тұрғын жаймен қамтамасыз етеу жіберуші жақ төлейді.